



«Самұрық-Энерго» АҚ
Директорлар кеңесінің
2018ж. «__»_____
шешімімен бекітілді
№ _____ хаттама

**«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы
нұсқаулық
СЭ-Н-01/02**

Астана 2018

Мазмұны

1. Анықтамалар мен қысқартулар	4
2. Мақсаты және қолдану аясы	5
3. Жауапкершілік	5
4. Орнықты даму негіздері	6
4.1. Орнықты даму тұжырымдамасы	6
4.2. Орнықты даму саласындағы саясат	7
4.3. Орнықты дамудың қағидаттары	8
4.4. Орнықты даму саласындағы тәуекелдер	8
5. Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспары	11
5.1. Орнықты даму саласындағы бастамаларды анықтау процесі	11
5.2. Орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру іс-шараларын жоспарлау	12
5.3. Орнықты даму саласындағы тиімділіктің негізгі көрсеткіштері	12
5.4. Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын орындау, мониторингілеу және орындалуы туралы есеп	13
6. Корпоративтік коммуникациялар саясаты	13
6.1. Мүдделі тараптар саясаты	15
Мүдделі тараптарды (стейкхолдерлерді) анықтау	15
Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау Стейкхолдерлердің ықпалы мен маңыздылығын бағалау	19
6.2. Компанияның маңыздылық матрицасы	20
6.3. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары (МТӨЖ)	21
МТӨЖ әзірлеуге қойылатын ең аз талаптар	21
6.4. Шағымдар мен ұсыныстарды беру және қарау механизмі	22
Шағымдар/ұсыныстар беру тәртібі	22
Шағымдарды қарастыру рәсімі	23
7. Корпоративтік, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласындағы саясат	24
7.1. Еңбекке ақы төлеу және ынталандыру саясаты	25
7.2. Оқыту	25
7.3. Жас мамандарға қатысты саясат	25
7.4. Сауықтыру, спорт және демалысты ұйымдастыру	25
7.5. Корпоративтік және әлеуметтік қамсыздандыру, сақтандыру	26

7.6. Жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерді қолдау	26
7.7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау	27
7.8. Нысандардың қауіпсіздік және адам құқықтары жөніндегі ерікті қағидаттарға сәйкес қауіпсіздігі	28
7.9. Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы.....	29
7.10. Жеткізушілерге арналған басшы қағидаттар	29
7.11. Жерді сатып алу, мәжбүрлі қоныстандыру және экономикалық орын ауыстыру	31
7.12. Жобалық басқару.....	31
Инвестиция алдындағы саты.....	31
Инвестициялық саты.....	32
Инвестициядан кейінгі саты.....	33
7.13. Экологиялық жауапкершілік	33
Шығарындылар	34
Су	34
Қалдықтар	34
Биологиялық әралуандылықты сақтау және табиғат ресурстарын тұрақты басқару.....	Ошибка! Закладка не определена.
8. Нормативтік сілтемелер	35
9. Құжаттар немесе жазбалар нысаны	36
Қосымша.....	37

1. Анықтамалар және қысқартулар

1. Осы Нұсқаулықта төмендегідей анықтамалар және қысқартулар пайдаланылады:

АЭС	- атом электр станциясы;
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	- мүдделі тұлғалардың тыңдалу құқығын қамтамасыз ететін механизмдер мен рәсімдер жиынтығы, олардың алдындағы есептілік;
ЖЭК	- жаңартылатын энергия көздеріне негізделген қуат өндіру: ЖЭС, СЭС, шағын-СЭС (белгіленген қуаты 35 МВт-қа дейін);
ЕТҰ	- Еншілес және тәуелді ұйым;
Мүдделі тарап (стейкхолдер)	- ұйымның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе көрсететін қызметтеріне және заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес тікелей немесе жанама ықпал ететін, немесе ықпал етуі мүмкін жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар тобы;
Мүдделі тараптар/ стейкхолдерлер картасы	- компанияның мүдделі тұлғаларының жағдайын нақтылау мақсатындағы суреттеу немесе мүдделі тараптар топтарын графикалық ұсыну;
Компания	- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы;
ТНК	- Тиімділіктің негізгі көрсеткіші;
СЖК	- Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау комитеті;
КО	- «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік орталығы;
Маңыздылық матрицасы	- маңызды тақырыптардың графикалық сызбасы;
БҰҰ	- біріккен ұлттар ұйымы;
Жеткізуші	- тауар жеткізуді/ қызмет көрсетуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар тобы; (оның ішінде мердігерлік ұйымдар);
Басшылық	- орнықты даму саласындағы басшылық;
ДК	- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесі
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
элеуметтік жауапты қайта құрылымдау	- Компанияның жұмыскерлерді жаппай босатуды жүргізуі, өндірісті тарату және жабу, жұмыс орындарын қысқарту, қайта құру барысында жұмыскерлер мен жергілікті тұрғындар үшін теріс салдарларды жуып-шаю және өтеу бағытындағы жұмысы;
ҚБ	- құрылымдық бөлімше;
АА1000 стандарттары	- Есептілік, стейкхолдерлермен іс-қимыл және тексеру

Стратегия	саласындағы халықаралық стандарттар сериясы; - Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясы;
Орнықты даму	- қызмет аспектілерінің жиынтығы және теңгерімі, бұнда табиғи ресурстарды пайдалану, инвестициялардың бағыттары, ғылыми-техникалық даму бағдары, тұлғаның дамуы мен интитуциялық өзгерістер бір-бірімен келісілген және адам мұқтаждары мен ұмтылыстарын қанағаттандыру үшін қазіргі және келешек әлеуетін нығайтады;
NOx	- азот тотықтары;
SOx	- күкірт тотықтары;

2. Мақсаты және қолдану аясы

2. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның орнықты даму саласындағы осы нұсқаулығы орнықты даму, мүдделі тараптармен өзара тиімді іс-қимыл жасау жүйесін әзірлеу, Компанияның орнықты даму саласындағы стандарттарды ұстануды растау, сондай-ақ мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін ақтай отырып, негізгі көрсеткіштерді жақсартудың ұзақ мерзімді орнықты трендін қамтамасыз ету қағидағдарын дәйекті және үздіксіз ұстану жүйесін ендіру мақсатында әзірленді.

3. Нұсқаулық Компанияның орнықты даму саласындағы қызметін жетілдіруде негіз қалаушы құжат болып табылады.

4. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасында және әлемде орнықты даму саласындағы дамитын тәжірибені ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның портфельдік компаниялар үшін орнықты даму бойынша референстік моделіне, Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Осы Нұсқаулықтың ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көзделген ерекшеліктерді ескере отырып қолданылады. Осы Нұсқаулыққа кез келген өзгерістер мен толықтырулар негізгі стратегиялық бағыттардағы өзгерістерді, ішкі және сыртқы ортаны, сондай-ақ орнықты даму саласында тәуекелдерді қайта бағалауды ескере отырып, қажеттілігіне қарай енгізіледі.

5. Осы Нұсқаулық Компанияға (дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) 100%-ы Компанияға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі КО мен ЕТҰ) таралады, сондай-ақ 100%-дан кем дауыс беретін акциялардың (қатысу үлестерінің) Компанияға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі ЕТҰ-лардың басшылығына, мердігерлік ұйымдарға, инвесторларға, Компанияның серіктестеріне және өзге де мүдделі тараптарға ұсынылады.

3. Жауапкершілік

6. Компанияның Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңесі және Компанияның

Стратегиялық жоспарлау комитеті мыналарды стратегиялық басқару және бақылауды жүзеге асырады:

орнықты даму жүйесін және осы Нұсқаулықтың ережелерін ендіру;
орнықты даму саласында бастамалар жоспарын орындау (бұдан әрі - Жоспар).

7. Компанияның (КО мен ЕТҰ) бірінші басшылары мыналарға жауапты:

Жоспардың уақытылы орындалуына бақылау жасау, сондай-ақ орнықты даму саласында қағидаттарды ендіру;

ақпаратты шынайы ашу;

Осы Нұсқаулықтың талаптарын сақтау.

8. Компанияның (КО мен ЕТҰ) бірінші басшылары:

орнықты даму саласындағы тиісті жүйесінің қалыптасуын және оның ендірілуін қамтамасыз етуге;

барлық топ бойынша орнықты даму қағидаттарының ендірілуін қамтамасыз етуге міндетті.

9. Орнықты даму саласындағы бағытты қадағалайтын ҚБ басшысы осы Нұсқаулықтың басқарылуын қамтамасыз етуге жауапты.

10. Компанияның ҚБ-лары өз құзыреттері шегінде осы Нұсқаулық талаптарының орындалуына жауапты.

11. Орнықты даму саласындағы бағытты қадағалайтын басқарушы директор орнықты даму саласындағы шаралардың үйлестіруіне жауапты.

12. Корпоративтік деңгейде орнықты даму саласындағы бағытты қадағалайтын ҚБ-ның және негізгі ЕТҰ-лардың жауапты басшысы толық ауқымды түгендеуді жүргізеді:

Компанияның қолданыстағы саясаттарына, рәсімдеріне және ішкі бақылауларға;

орнықты даму саласындағы заңнамалық талаптарға.

13. Компанияның Комплаенс контролері/Комплаенс қызметінің басшысы этикалық қағидаттарға қатысты ішкі коммуникациялар процесіне жауапты.

14. Компанияның баспасөз хатшысы сыртқы коммуникацияларға, жұртшылықпен байланыс жасауға жауапты.

15. Жобалау офисінің басшысы/ЕТҰ-ның басшылығы жобаларды басқару мәселелері бойынша жергілікті қоғамдастықтармен байланыс жасауға жауапты.

16. Орнықты даму саласында бағыттарды қадағалайтын ҚБ басшылары өз құзыреттері шегінде орнықты даму жөніндегі ақпаратты ашуға жауапты.

4. Орнықты даму негіздері

4.1. Орнықты даму тұжырымдамасы

17. Орнықты даму тұжырымдамасы әртүрлі мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып, ұзақ мерзімді кезеңде ұйымның тұрақтылығына зиян келтірмей оның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуден тұрады.

19. «Үштік критерий» деп аталатын тұжырымдама бар, бұнда компаниялар қаржылық көрсеткіштерді ғана емес, кейін олар бойынша есеп беретін әлеуметтік және экологиялық аспектілерді назарға алады.

20. Орнықты даму тұжырымдамасында негізделген бизнесті жүргізу қағидаттарына көшу үрдісі компанияларының мүдделі тараптардың көптігі үшін қызметтің барлық аспектілері бойынша ашық және есеп беруге дайын болуға қажет екендігін сезінуге ықпал етеді.

Экологиялық менеджменттің тиімді жүйесі бар компаниялар, шын мәнінде операциялық нәтижелердің елеулі жақсаруына қол жеткізеді. Жаңа технологияларды ендіру есебінен олардың бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндігі бар. 1995 жылы американдық экономист Майкл Портер экологиялық жауапсыз әрекет кәсіпорынның операциялық тиімсіздіктің белгісі болып табылады және соңында оның бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеп соғатынын анықтады.

Қаржылық нәтижелердің жақсаруымен қатар экологиялық белсенділік компанияның жалпы беделіне оң әсер етеді, оның инновациялық дамуы мен менеджмент сапасы дәрежесінің бейнесі болып табылатыны маңызды. Бұл көрсеткіштердің тура материалдық өрнегі болмаса да, олар нарықтық капиталдандыруына да елеулі әсерін тигізеді.

21. Орнықты дамытуды жүйелендірілген басқару стратегиялық деңгейде орнықты даму саласындағы ұйымның басымдықтарын анықтауға, ал кейін:

оларды бағдарламалық және жобалық деңгейге дейін егжей-тегжейін ашуға;

белгіленген басымдықтар мен көрсеткіштер негізінде осы салада қызметтің нәтижелілігіне бағалауды үнемі жүзеге асыруға,

тұтынушылардың мұқтаждарына тәуелді егжей-тегжейдің әртүрлі деңгейінің есептілігін дайындауға және қажет болған жағдайда тәуелсіз куәландыруды жүргізуге мүмкіндік береді.

4.2. Орнықты даму саласындағы саясат

22. Осылайша, Компанияның орнықты даму саласындағы саясаты мүдделі тұлғалардың мүдделері мен Компанияның стратегиялық тапсырмалары арасында оңтайлы байланысты сақтай отырып, Компания қатынасатын өңірлерде орнықты экономикалық өсуін қамтамасыз ету үшін өндіріс, экологиялық бастамалар, еңбек қауіпсіздігі және әлеуметтік орта саласында озық тәжірибелерді ендіру арқылы орнықты дамудың аспектілерін кең қолдануы болып табылады.

23. Орнықты даму қағидаттары үш деңгейде ендірілуі тиіс:

Стратегиялық бірігу – орнықты даму қағидаттары Стратегияға ендірілді (миссия, құндылықтар және стратегиялық мақсаттар);

Операциялық бірігу – Компания басшылығы орнықты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік критерийінен шыға отырып, корпоративтік шешімдерді қабылдайды;

Мәдени бірігу Компаниядағы оқытуды жүргізу, Компанияның корпоративтік порталында мақалаларды жариялау аясында, сондай-ақ Іскерлік этика кодексі аясында іске асырылады.

24. Туындауына қарай Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы есептері мен жаңа жобалары туралы барлық ақпарат корпоративтік сайтының «орнықты даму» бөлігінде орналастырылады.

25. Компания барлық мүдделі тараптар үшін өз қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігін қамтамасыз ету үшін Компанияның Жылдық есебі аясында GRI есептілігінің халықаралық стандарты бойынша орнықты даму саласында есептілікті жыл сайын жариялайды.

4.3. Орнықты дамудың қағидаттары

26. Орнықты даму саласындағы қағидаттар мүдделі тұлғалардың мүдделерін құрметтеу, адам құқықтарын сақтау, ашықтық, есептілік, мөлдірлік, заңдылық, этикалық іс-қимыл, жеке өнеге болу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы төзімсіздік, мүдделер қақтығысын болдырмау, сексуалдық бопсалау және басқалар болып табылады. Қағидаттардың неғұрлым нақты ашылуы Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілді.

4.4. Орнықты даму саласындағы тәуекелдер

27. Орнықты дамудың жаһандық факторлары бизнес үшін шектеулерге, қиындықтарға және тәуекелдерге әкеп соғуы мүмкін.

28. Қоршаған ортаны, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік, жергілікті халықпен өзара іс-қимыл, қызмет ету өңірлеріндегі инфрақұрылым және әлеуметтік мәселелер – бұның барлығы ұзақ мерзімді қаржылық нәтижеге және тұрақтылыққа тікелей әсер етеді.

29. Компания өз операциялық қызметінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдана отырып, ұзақ мерзімді келешекте құнның тұрақты түрде ұлғаюына және бәсекеге жоғары қабілеттілікке қол жеткізуге тырысады.

Осы мақсаттарда, тәуекелдерді басқаруға жауапты ҚБ тұрақты негізде тәуекелдерді басқару құралдарын және тұрақты дамуға жүйелік тәсілді пайдалана отырып, тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізеді:

1) орнықты дамудың жаһандық факторларының әрекетіне байланысты ағымдағы және келешек тәуекелдерді бағалау;

2) экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді болжамдау;

3) Компанияның өзі қызмет ететін өңірге тигізетін ағымдағы ықпалының әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін талдау;

4) Компанияның өзі қызмет ететін өңірге тигізетін ықпалын басқару жөніндегі шараларды әзірлеу, тәуекелдерді төмендету және мүмкіндіктерді іске асыру;

5) жалпы тәуекел мәдениетін арттыру, тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін талдау, ағымдағы және келешек тәуекелдерге байланысты мүмкіндіктерді анықтау.

30. Орнықты дамуға жауапты ҚБ Комплаенс қызметімен бірлесіп, Компанияға қойылатын халықаралық және ұлттық заңнамалық талаптарды қалыптастырады, қажет болғанда жаңартады және мерзімді түрде жылына кемінде бір рет ЕТҮ бөлігінде бұндай талаптарға сәйкес келуіне талдау жүргізеді.

31. Компания негізгі трендтерге және орнықты даму құрамдастары бөлігінде тәуекелдерге талдау жүргізеді, басқа елдердің төмен көміртекті экономикаға көшу жөніндегі тәжірибелерін зерттейді, энергетика, экология және климаттың өзгеруі жөніндегі сарапшылармен кездесулерді үнемі жүргізіп отырады.

Компания үшін орнықты даму саласындағы негізгі трендтер және тәуекелдер

Экономикалық аспект		
Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
Электр энергиясын тұтыну қарқынының баяулауы	Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының төмендеуі, сұраныстың нақты өсімінен артатын жаңа қуаттарды ендірудің жоспарланатын жоғары қарқыны	Активтердің қалыптасқан портфелін тиімді пайдалану, Компанияның Сауда үйі негізінде құзыреттер мен тейдингті дамыту
Бағаның жаһандық құбылуынан ресурс өндіруші салалардың дағдарысқа бейімділігіне байланысты экономикалық жүйе тұрақсыздығының өсуі	Жаңа жобаларды қаржыландыруға қол жеткізуді қиындататын дағдарыстардың туындау ықтималдығының артуы	Өндіріс тиімділігін жақсарту, қолда бар активтерді жаңғырту
Энергия үнемдеудің артуы және экономиканың энергия тиімділігінің өсуі	Дәстүрлі өндірілетін электр энергиясына сұраныстың азаюы	Озық «таза көмір» технологияларымен бірге көмірді пайдалану
Қазақстанның экономикасын цифрландыру	Кибрқылмыскерліктің белсендіруі	Өндірістік тиімділікті жақсарту
Халықаралық электр энергия нарықтарын біріктіру (ЕАЭЖ-ты қоспағанда)	Ішкі нарықтан ығыстыру; Қытайдың, Түркменстанның, Тәжікстанның экспорттық қуаттарының әсері кезінде экспорттық мүмкіндіктерінің қысқарылуы (жазғы кезең)	Құнның тартымды деңгейімен нарықтарға шығу: Пәкістан, Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан (қысқы кезең). Бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін жаңа технологияларды ендіру
ЕАЭЖ тұжырымдамасына жалпы электр энергетикалық нарығын қалыптастыру жағына дамыту	ЕАЭЖ елдер тарапынан бәсекелесті күшейту (бағаның төмендеуіне әсер ету) - ішкі нарықтан ығыстыру және Ресей тарапынан экспорттық мүмкіндіктерді қысқарту (Сібір БЭЖ және Орал БЭЖ), Қырғызстан (жазғы кезең)	Нарықты реттеу жүйесін жетілдіру, о.і. нарықтық реттеу тетіктерін пайдалану; құнның тартымды деңгейімен нарықтарға шығуды жеңілдету – Ресей, Қырғызстан (қысқы кезең), Беларусь; бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін технологиялардың оңтайландырылуына ынталандыру
Ресейді халықаралық оқшаулау	Қазақстанға салынған және оның оқашулаудан болатын әсердің таралуы, валюталық ауытқулар	Ресеймен тиімді халықаралық келісімдерді жасасу үшін Қазақстанның геосаяси орналасуын пайдалану
Экологиялық аспект		
Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер



«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық

СЭ-Н-01/02

2-редакция

38 беттің 10 парағы

Экономиканы декарбондауға арналған тренд	Газ өндіруге, ГЭС, АЭС, ЖЭК-ке қарағанда көмір өндірудің бәсекелес ұстанымдарының нашарлауы	Жаңа жобаларды әзірлеуге тиімді талаптар бойынша қарыз алу («таза көмір», көмірді жер асты газдандыру, метан өндіру, ЖЭК-ті дамыту, өндіру); пайдаланылатын отынның сапасын арттыру
Экологиялық заңды қатайту	Экологиялық нормативтер мен стандарттарды қатайту; эмиссия үшін төлем мөлшерлемесін арттыру; суды тұтынуға қойылатын талапты күшейту – айналма сумен жабдықтауға көшу, қалдықтарды кәдеге жаратуға жұмсалатын шығыстар	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
Климат тұрақтылығының төмендеуі	Парниктік газдардың шығарындыларына қойылатын талаптарды қиындату. Өзендердің су көлемдерінің азаюы – СЭС-тердің тиімді қызмет етуіне қауіп төндіреді; су құнының артуы; жүктеме кестелерінің энергия жүйесіне айырмасының өсуі, жылу энергиясын тұтынудың төмендеуі	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
Жергілікті қоғамдастықтардың экологиялық талаптарын көтеру	БАҚ-тың экологиялық белсенділігі, о.і. жеткілікті кәсіби талдау болмаған кезде, компанияның жағымсыз имиджін қалыптастыру	«жасыл» көшбасшы және табиғатты пайдаланушы субъект ретінде PR, қоғамның адалдығын арттыру
Әлеуметтік аспект		
Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
Халық санының өсу қарқынының баяулауы	Электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының баяулауы	Мақсаттылық жағдайында экспорттық әлеуеттің дамуы
Жоғары білікті мамандарға қажеттіліктің артуы	Еңбек өнімділігінен және шығындар бойынша ЕАҚ үлесінің өсуінен «ілгері» жүретін тиісті біліктілігі бар мамандардың жетіспеуі	Еңбек өнімділігін арттыру; өндіріс сапасын жақсарту; білім беру мен мамандар даярлау сапасын арттыру
Индустриялық секторда жұмыс тартымдылығының азаюы	Компаниядағы бос орындарды ауыстырудың қиындығының артуы, гендерлік теңсіздік	Кадр резервін, компания ішіндегі лауазымдардың сабақтастығын дамыту
Урбанизацияны дамыту	Жергілікті қоғамдастықтардың, халықтың денсаулығына және қауіпсіздігіне қауіп төндіру	Үй шаруашылықтарының электр энергиясын өсуімен ауылдық қоғамдастықтарда қалалық өмір салтын тарату
Әлеуметтік желілерді дамыту	Қоғамдық пікірді бұрмалау, бұрмаланған, тексерілмеген ақпаратты ұсыну (бедел тәуекелдері, халық наразылықтары)	Мүдделі тараптардың кең ауқымын ақпараттандыру құралы

32. Тәуекелдерді басқару орнықты дамудың ажыратылмас бөлігі болып табылады. Компания барлық стейкхолдерлер алдындағы өзінің жауапкершілігін мәлімдейді және орнықты дамудың тәуекелдерін уақытылы бағалау, бақылау және



оларды басқаруға міндеттенеді. Бұл жерде үш құрамдас бөліктің қимасындағы анықтама ішкі де, сондай-ақ сыртқы да стейкхолдерлер үшін кеңінен қарастырылады.

Осылайша, «әлеуметтік тәуекелдерді» анықтау Компанияның қызмткерлері/акционерлері алдындағы жауапкершілікті ғана білдіріп қоймайды, сондай-ақ халықтың денсаулығы мен қауіпсіздікті, жергілікті қоғамдастықтардың жұмыс істеуіне қатысты құралдарды, әлеуметтік байланыстылықты, мәдени ресурстарды, осал топтар, гендерлік теңдік, жеткізілімдер тізбегінде туындайтын және өнім берушілердің құқықтарына қатысты тиісті еңбек нормаларының сақталмауына байланысты тәуекелдерді де қамтиды.

Экологиялық тәуекелдер тек жергілікті деңгейде экологияға тигізетін әсер ғана емес, сонымен қатар жалпы алғанда, климаттың өзгеруіне де тигізетін әсер ретінде көрсетілді.

Экономикалық тәуекелдер Компанияның қандай да бір активінің жергілікті қоғамдастыққа тигізетін экономикалық әсері ретінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл елімізге тигізетін әсер ретінде кеңейтіліп көрсетілді.

33. Компанияда алаяқтық пен жемқорлық тетіктеріне қатысты тәуекел-төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданған. Комплаенс қызметі төменде көрсетілген критерийлер топтарына сәйкес үшінші тұлғалардың сенімділігіне тексеру жүргізеді:

1) Үлестестікті тексеру – мынадай ақпараттар құрылымындағы тексеру: үшінші тарап пен компанияның үлестес тұлғасының/компания қызметкерінің меншігінің құрылымы; үшінші тарап пен саяси маңызды тұлғаның меншігінің құрылымы;

2) түрлі тізімдер мен тізілімдердегі үшінші тараптың мәртебесін тексеру (сенімсіз өнім берушілердің, банкротқа ұшыраған тұлғалардың тізімдері, лауазымды тұлғаларды әкімшілік/қылмыстық жауапкершілікке тарту, салықтық берешек, халықаралық санкциялар субъектілерінің тізбелері және т.б.);

3) әлеуетті өнім берушілер мен клиенттер рөліндегі ұйымдар арасындағы құпия уағдаластықты көрсететін сызбалар: (мысалы, түрлі бюджеттер, өнім берушілердің біреуі ұтылған жағдайда белгілі бір тендерлерде бірдей өнім берушілердің қатысуы және т.б.).

34. Сенімділікті тексеру рәсімі барлық үшінші тараптарға қолданылады¹.

35. Орнықты даму тәуекелдеріне мүдделі ҚБ-лар тәуекелдерді басқаруға жауапты ҚБ-ның жәрдемдесуімен тұрақты негізде жылына кемінде 1 рет талдау жасайды және оның нәтижесі Компанияның шоғырландырылған Тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі.

5. Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспары

5.1. Орнықты даму саласындағы бастамаларды анықтау процесі

¹ Үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеруге қойылатын талаптар Қордың бизнес-комплаенс қызметі жөніндегі Референстік моделінде толық сипатталған.

36. Орнықты даму саласындағы бастамаларды (ТНК/іс-шаралар) анықтау процесі қызметтің географиялық, мәдени, құқықтық ерекшеліктерін, меншік құрылымын, қызмет сипатын, ЕТҰ-лардың әсер ету мөлшерін, сипатын және түрлерін ескере отырып, әр ұйым үшін өзіндік ерекшелікке ие болады.

Барлық негізгі стейкхолдерлер үшін белгілі бір бастамалардың маңыздылығына сүйене отырып, бастамалардың барлығына да басымдық беріледі.

5.2. Орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау

37. Орнықты даму саласындағы бастамаларды анықтағаннан кейін оларды іске асыру жоспарын жасап, ендіру қажет. Жоспар орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асыру жөніндегі орта мерзімді және ұзақ мерзімді шараларды белгілейді. Жоспар мыналардан тұрады:

- 1) орнықты даму саласындағы бастамалар мен Жоспардың мақсаттарын сипаттау;
- 2) Компанияның Стратегиялық жоспарларына сәйкес байланысты көрсету;
- 3) орта мерзімді және ұзақ мерзімді келешектегі өлшенетін және қол жеткізуге болатын мақсаттарды және қол жеткізу мерзімдерін көрсету;
- 4) Жоспарды орындау үшін жауапкершілікті бөлу;
- 5) Іс-шараларды іске асыру үшін жұмсалатын шығындардың шамамен алғандағы бағасы және қаржыландыру көздері (егер қолдануға болса).

5.3. Орнықты даму саласындағы тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

38. Орнықты даму саласындағы ТНК Портфельді компаниялардың стратегиялық, орта мерзімді жоспарлау жүйесіне және НҚК жүйесіне біріктірілуі тиіс.

ТНК-ні әзірлеген кезде әрбір ЕТҰ өз қызметінің ерекшеліктерін ескеруі, сәйкесінше, оларға басымдық беріп, шектік мәнін белгілеуі тиіс. ЕТҰ-ның барлық ТНК-лері Компанияның орнықты дамуына жауапты ҚБ-мен келісім бойынша белгіленеді.

Орнықты даму саласындағы ТНК мысалдары²:

1) Экономикалық құрамдастары:

Бөлінген экономикалық құн (мың теңге)

2) Экологиялық құрамдастары:

Өндірісте электр энергиясын тұтыну мен пайдалануды азайту/өнімді өндірген немесе қызмет көрсеткен кезде энергияға қажеттілікті азайту;

Парниктік газдардың шығарындыларын азайту.

3) Әлеуметтік құрамдастары;

Өндірістегі өлімге әкеп соқтырған жағдайлардың болмауы;

Өндірістік жаракаттылықты азайту (оқиғалар саны);

² ТНК (маңызды тақырыптар) GRI барынша толық сипатталған

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі (%);
Гендерлік әртүрлілік (%);
Кадр тұрақтамаушылығы (%).

5.4. Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарының орындалуы, мониторинг жүргізу және орындалуы туралы есеп

39. Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарының (бұдан әрі – Жоспар) орындалуының есептік кезеңдері күнтізбелік жылдың он екі айы болып табылады.

Мүдделі құрылымдық бөлімшелер жылдық негізде Жоспардың ТНК/іс-шараларының іске асырылуына мониторинг жүргізеді, оның қорытындысы бойынша Жоспардың орындалу нәтижелері орнықты дамуға жауапты ҚБ-ге жіберіледі.

Жыл қорытындысы бойынша Жоспардың ТНК/іс-шараларының орындалуы туралы есеп есепті кезеңнен кейінгі 1-тоқсаннан кешіктірмей ұсынылады.

Жоспарды орындау нәтижелері Жоспардың көрсеткіштерінің орындалуына әсер ететін факторлардан, ТНК/іс-шаралардың ауытқушылықтарына қатысты толық түсініктемелер және ағымдағы жылға жасалған күтілетін болжамдағы Жоспардың ТНК/іс-шараларына қол жеткізе алмауына қатысты тәуекелдер туралы ақпараттан тұрады.

40. Есепті жылдық қорытындысы бойынша Жоспардың орындалуына жүргізілген мониторинг нәтижелерін орнықты дамуға жауапты ҚБ Компанияның Директорлар кеңесіне бекітуге шығарады. Жыл қорытындысы бойынша Жоспардың орындалуы туралы есептерді қарау нәтижелері бойынша орнықты дамуға жауапты ҚБ шоғырландырылған есепті Компанияның веб-сайтына Компанияның Жылдық есебі аясында немесе жеке есеп ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастырады.

6. Корпоративтік коммуникациялар саясаты

41. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кез келген ұйымның қызметі үшін өте маңызды.

42. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың мақсаты Компанияның стратегиялық дамуын және оның қызметін жетілдіру жолдарын дұрыс таңдау, сондай-ақ Компания да, оның мүдделі тараптары да, қоғам да ұтатын орнықты дамудың деңгейіне қол жеткізуде көмек көрсету болып табылады, себебі олардың мыналарды тануға, анықтауға және талдауға мүмкіндігі бар:

ішкі және сыртқы мүдделі тұлғалардың сұраныстарын, болжалдарын және пікірлерін;

мүдделі тұлғалардың көзқарасы бойынша қиындықтар мен перспективаларды;

ішкі және сыртқы мүдделі тұлғаларды ойландыратын барынша маңызды проблемалары.



43. Компанияның корпоративтік коммуникациялар саясаты мүдделі тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау түрлеріне қолданылуы мүмкін, оның ішінде:
функционалдық өзара іс-қимылға;
бөлек мәселелер бойынша өзара іс-қимылға (мысалы, адам құқықтарын қорғау туралы мәселелері бойынша);

барлық ұйымның ауқымындағы өзара іс-қимылға.

44. Аталған саясаттың ережелері ішкі және де сыртқы өзара іс-қимыл жүзеге асыру үшін, сондай-ақ олардың арасында өзара іс-қимыл жасау үшін қолданылуы мүмкін.

45. Компанияның корпоративтік коммуникациялар саясаты мүдделі тараптарға Компанияның жұмыс әдістері туралы хабарлауға, ал мүдделі тараптарға нақты қағидаттардан шыға отырып, ұйымдармен өзара іс-қимылды және олармен байланысты критерийлерді анықтауға, бағалауға, сондай-ақ осы жағдай бойынша пікір айтуға арналған.

46. Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимылы мына қағидаттар негізінде жүргізіледі:

мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлерін және артықшылықтарын құрметтеу және есепке алу;

мүдделі тараптарды уақытылы және тұрақты хабарландыру;

қабылдаған міндеттемелерді жауапты орындау.

47. Компанияның әрбір ҚБ стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасаудың мерзімділігін, дәрежесін және әдістерін дербес анықтайды. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды басқару жүйесі тиімділігінің дәрежесі ұзақ мерзімді құнды орнату, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және Компанияның оң беделін қалыптастыру үшін маңызды фактор болып табылады.

48. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың негізі Компанияға маңызды әсер тигізетін стейкхолдерлерді және стейкхолдерлердің Компанияға тәуелділік дәрежесін анықтау, маңыздылық матрицасын және Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспарын құру болып табылады.

49. Өзара тиімді іс-қимыл құру мақсатында мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау саласындағы өзық тәжірибелерге сәйкес (AA1000, GRI сериясының стандарттары) «енгізілу» қағидаты қолданылады.

Бұл қағидат Компания қызметін басқару процессінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін назарға алады және ескертеді.

«Енгізілу» қағидатының негізінде өзара іс-қимыл жасаудың үш негізгі қағидаты жатыр:


«маңыздылық» (стейкхолдерлер мен ұйымдар үшін проблемалардың маңыздылығын дұрыс бағалау),

«толықтық» (компания қызметінің салдарларының маңыздылығын түсіну);

«жауап қайтару» (барабар жауап көрсету).

Әрбір қағидатты ұстану ғана стейкхолдерлермен жан-жақты, өзара пайдалы және тиімді өзара іс-қимылға кепілдік береді.

50. Компанияның Директорлар кеңесі стейкхолдерлер картасын бекітеді.

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 15 парағы

51. Төменде мүдделі тараптармен бес кезеңнен тұратын өзара іс-қимыл жасауды дамытудың графикалық иллюстрациясы келтірілген.

1-сурет. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауды дамыту



Дереккөз: Сөзден іске. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл. 2-шығарылым: Стейкхолдерлермен өзара іс-қимылды ұйымдастыру бойынша практикалық нұсқаулық. AccountAbility, БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламасы және Stakeholder Research Associates, 2005. 11-бет.

6.1. Мүдделі тараптардың картасы

52. Стейкхолдерлер картасы стейкхолдерлердің әрқайсысымен өзара іс-қимыл жасау әдістерін әзірлеу мақсатында Компанияның ортасы туралы ақпаратты жүйелендіру және визуалдандыруға арналған.

Мүдделі тараптарды (стейкхолдерлерді) анықтау

53. Компания стейкхолдерлердің үлесін және олардың мүдделерін сипаттай отырып қызметі барысында іс-қимыл жасайтын әлеуетті стейкхолдерлердің толық тізімін анықтайды. Төменде стейкхолдерлер картасын анықтау мысалы ұсынылды.

№	Мүдделі тараптар	Мүдделі тараптардың үлесі	Мүдделі тараптардың мүдделері
1	Акционерлер (о.і. инвесторлар)	Қаржы құралдарын беру, жорғылық капиталды толықтыру	Табыстың өсуі, дивиденттерді уақытылы төлеу, Қордың құнын арттыру



«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық

СЭ-Н-01/02

2-редакция

38 беттің 16 парағы


2	Еншілес және тәуелді ұйымдар	Акционерлердің мүдделерін сақтау	Мемлекеттік органдармен жұмыс істеген кезде көмек көрсету, коммерциялық мүдделер
3	Қызметкерлер	Адам ресурстары. Адалдық	Жоғары жалақы, лайықты еңбек жағдайлары, кәсіби даму, мансаптық өсу
4	Кәсіби кеңестер	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге көмектесу, еңбек қатынастарын реттеу және қақтығыстарды шешу	Қызметкерлердің құқықтарын сақтау және қорғау
5	Серіктестер	Жобаларды бірлесіп іске асыру. Технологиялар, құзыреттер және инновациялар трансферті	Коммерциялық мүдделер
6	Тұтынушылар	Компанияның адалдығы. Тауарларды және қызметтерді сатып алу жолымен қаржылық ресурстар	Коммерциялық мүдделер
7	Мемлекеттік органдар	Мемлекеттік реттеу	Салық түсімдері, экономикалық өсу, әлеуметтік тапсырмаларды шешу
8	Бәсекелестер	Болашақта даму үшін мүмкіндіктер	Нарыққа қатысу үлесін арттыру
9	Даму институттарын қоса алғанда қаржылық институттар	Халықаралық гранттар. Жобаны жеңілдіктік қаржыландыру. Кредиттік желілер	Негізгі қарызды және сыйлықақыны уақытылы төлеу, салынған инвестициялардың рентабельділігі. Депозиттік шоттардағы бос ақша қаражаттарын орналастыру, арнаулы шоттарға қызмет көрсету, Компанияның бағдарламаларын іске асыруға қатысу
10	Өнім берушілер	Жеткізу желісінің және құнды құру тізбесінің тиімділігі	Коммерциялық мүдделер
11	Халық	Қызметті жүзеге асыру орындарында қолдау көрсету	Жұмысқа орналасу мүмкіндігі, әлеуметтік проблемаларды шешу, Компания қызметінің мөлдірлігі, экологияны қорғау
12	Қоғамдық бірлестіктер	Қызметтің жоғары стандарттарының қолдануын ынталандыру. Адалдық және ынтымақтастық.	Қоғамдық бірлестіктердің мақсаттары мен тапсырмаларын іске асыру
13	БАҚ	Сындарлы ынтымақтастық. Игі қоғамдық пікірі	Компанияның қызметі туралы жарияланымдары және ақпараттандыру, коммерциялық мүдделер
14	Үлестес тұлғалар	Өзара іс-қимыл жасау	Коммерциялық мүдделер

Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау

54. Келесі кезең Митчел, Агл және Вуд моделі бойынша Компания үшін маңыздылық бойынша стейкхолдерлерді бастапқы саралау болып табылады.

55. Моделдің негізінде үш фактор түр (2-сурет): **билік** (мүдделі тараптардың кәсіпорынға әсер ету күші), **заңдылық** (нұсқауларды берудің заңдың легитимділік) және **жеделдік** (мүдделі тараптардың сұрауларына жауаптардың мейілінше аз қажетті жылдамдығы).

2-сурет. Митчел, Агл және Вуд моделі




56. Стейкхолдерлердің жасырын санатына әрекетсіз (билік ету факторына ие), бақыланатын (талаптардың легитимділік факторына ие) және талап етуші (жеделділік факторына ие) топтар жатады.

Ұйымның стейкхолдерлермен өзара қарым-қатынас жасаған кезде ресурстары үнемі шеткеулі болғандықтан (қаржылық, уақытша, ұйымдастырушылық және т.б.) жасырын санаттарға қатысты қандай да бір іс-қимлдар талап етілмейді. Күтуші стейкхолдерлер санатына басым (билік және легитимділік факторларына ие), тәуелді (легитимділік пен жеделділік факторларына ие) және қауіпті (билік пен жеделділік факторларына ие) топтар жатады.

Барлық үш факторға ие стейкхолдерлердің санаттық тобы Компания үшін ең маңызды болып табылады. Стейкхолдерлердің аталған санатының талаптары бірінші кезекте қанағаттандырылуы тиіс.


57. Төменде Митчел, Агл және Вуд моделіне сәйкес стейкхолдерлердің жіктеуіштік кестесі ұсынылады (3-сурет).

№	Мүдделі тараптар	Стейкхолдерлердің атрибуттары			Жіктеушілік топ
		Билік	Легитимділік	Жеделділік	
1	Акционерлер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
2	Еншілес және тәуелді ұйымдар	-	+	+	Тәуелді топ
3	Қызметкерлер	-	+	+	Тәуелді топ
4	Кәсіби кеңестер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
5	Серіктестер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
6	Тұтынушылар	+	-	+	Қауіпті топ

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 18 парағы

7	Мемлекеттік органдар	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
8	Бәсекелестер	-	-	+	Талап етуші топ
9	Даму институттарын қоса алғанда қаржы институттары	+	-	+	Қауіпті топ
10	Өнім берушілер	-	+	-	Бақыланатын топ
11	Халық	-	+	+	Тәуелді топ
12	Қоғамдық бірлестіктер	-	-	+	Талап етуші топ
13	БАҚ	+	-	+	Қауіпті топ
14	Үлестес тұлғалар	-	+	-	Бақыланатын топ

3-сурет. Митчел, Агл және Вуд моделі



58. Осылайша, Компания қызметкерлерінің сараптамалық талдау нәтижелері бойынша сыртқы және ішкі топтарға бөлгенде, санаттық, қауіпті, тәуелді салаларында болып шыққан стейкхолдерлер Компания үшін маңызды болып табылады.

Ішкі – Компания қабылдайтын шешімдерге тура және елеулі әсер тиігізетін немесе осы шешімдердің ықпалындағы стейкхолдерлер жатады.

Сыртқы – Компания қабылдайтын шешімдерге орташа әсер ететін стейкхолдерлер жатады.

Мүдделі тараптар	Стейкхолдерлердің атрибуттары			Жіктеушілік топ
	Билік	Легитимділік	Жеделділік	
Жақын орта				
Акционерлер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
Қызметкерлер	-	+	+	Тәуелді топ
Кәсіби кеңестер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
Сыртқы орта				
Серіктестер	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
Мемлекеттік органдар	+	+	+	Ымыраға келмейтін топ
Даму институттарын қоса	+	-	+	Қауіпті топ

алғанда қаржы институттары				
Өнім берушілер	-	+	+	Бақыланатын топ
Халық	-	+	+	Тәуелді топ
БАҚ	+	-	+	Қауіпті топ
Тұтынушылар	+	-	+	Қауіпті топ

Стейкхолдерлердің ықпалы мен маңыздылығын бағалау

59. Маңыздылық – бұл стейкхолдердің Компания қызметінің нәтижесіне қосқан үлесі. Ол әрбір стейкхолдердің қажеттіліктерді қаншалықты қанағаттандыру, проблемалар мен мүдделерін шешу Компания қызметінің нәтижесіне әсер етуімен анықталады.

60. Ықпал ету – бұл Компанияға ықпал ету күші, оның Компанияның, Компания қызметінің негізгі мәселелері бойынша шешім қабылдайтын адамдардың қызметіне ықпал ету мүмкіндігі.


61. Стейкхолдерлердің ықпал етуінің маңыздылық деңгейі X/Y екі параметрі бойынша бағаланады, мұнда:

$X = -5 \div +5$ (1 қадаммен немесе неғұрлым ұсақ) – Стейкхолдердің Компания қызметіне қолдау көрсету/қарсы әрекет ету деңгейін сипаттайды және -5-тен (қарсы әрекет етудің ең төмен деңгейі) +5-ке дейін (қолдау көрсетудің жоғары деңгейі) сараланады;

$Y = 0 \div 5$ (1 қадаммен немесе неғұрлым ұсақ) – Стейкхолдердің Компания қызметіне ықпал етудеңгейін сипаттайды және 0-ден 5-ке дейін сараланады;

$D = (\pm X + Y)$ – стейкхолдердің маңыздылық параметрі.

Мүдделі тараптар	Атрибуттар			
	Қолдау дәрежесі (X)	Ықпал ету күші (Y)	Маңыздылық дәрежесі $D = (\pm X + Y)$	Компанияның стейкхолдерлерге ықпал ету дәрежесі (0-ден 3-ке дейін)
Жақын орта				
Акционерлер	+5	5	10	2
Жұмыскерлер	+2	3	5	3
Кәсіподақтар	+1	5	6	1
Сыртқы орта				
Серіктестер	+2	2	4	1
Мемлекеттік органдар	+3	3	6	1
Даму институттарын қоса алғанда, қаржы институттары	+1	3	4	1
Өнім берушілер	+2	2	4	2

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 20 парағы

Халық	+2	2	4	3
БАҚ	+2	5	7	1
Тұтынушылар	+1	5	6	1

62. Кейін, Компанияның Стрейкхолдерлер картасы қалыптастырылады, бұнда Х осінде Компанияның стейкхолдерлерге Ықпал ету дәрежесі, ал Y осінде стейкхолдерлердің Компания үшін маңыздылық дәрежесі көрсетіледі. Шеңбердің мөлшері – Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл дәрежесін көрсетеді: шеңбердің ең кіші өлшемі өзара іс-қимылдың шектеулі деңгейін көрсетеді, шеңбердің өлшемі арттырылған кезінде өзара іс-қимыл жасау дәрежесі де өседі. Сондай-ақ, орталарды ішкі және сыртқы орталарға бөлгенде 2 түс бойынша саралау қажет.

6.2. Компанияның маңыздылық матрицасы


63. Мүдделі тараптарды талдау аясында сонымен қатар маңызды тақырыптар мен мәселелерді саралау (Компания үшін де, сондай-ақ стейкхолдерлер үшін де) жүзеге асырылады.

64. Маңызды тақырыптар мен мәселелерді саралау стейкхолдерлердің басымдықтарын нақты түсіну негізінде олармен өзара іс-қимылды сындарлы түрде құруға мүмкіндік береді.

Төменде маңызды тақырыптар мен мәселелерді анықтау кезеңдері сипатталған.

Кезең	Міндеттер	Әдістеме
1. Маңызды тақырыптарды анықтау	Электр энергетикалық сектор үшін орнықты даму тұрғысынан алғанда барлық тақырыптарды қарастыру және Есепке қосу үшін назар аударуға айқын болатын тақырыпты бөліп көрсету	GRI, ISO 26000 стандарттарына талдау жасау; Ұқсас компаниялардың (RWE, Enel, EoN, Engie, Iberdrola, ДТЭК, ИнтерРАО) үздік есептеріне талдау жасау
2. Маңызды аспектілерді белгілеу	Стейкхолдерлер мен Компания үшін маңыздылық мәні бойынша анықталған тақырыптарға талдау жасау	Ішкі және сыртқы стейкхолдерлерге сауалнама жүргізу
3. Дұрыстықты растау	Компания басшылығының қатысуымен толықтық және теңгерімділік мәні бойынша анықталған тақырыптарға сараптамалық бағалау жүргізу	Орнықты даму саласындағы сарапшылармен консультациялар жүргізу; Компанияның лауазымды тұлғаларымен бірлескен талқылаулар жүргізу
4. Маңызды тақырыптардың графикалық сызбасы (Маңыздылық матрицасы)	Анықталған маңызды тақырыптарға жасалған талдау қорытындысы бойынша графикалық сызба	Маңызды тақырыптар тізбесін көрнекі сипаттау

65. Компания басшылығы мен мүдделі тараптар өкілдерінің бірлескен жұмыстарының нәтижесі ретінде сеспілік саласындағы жаһандық бастамалардың ұсынымдарын (Global Reporting Initiative, GRI) ескере, сондай-ақ әзірленген

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 21 парағы

сауалдаманы қолдана отырып, «маңыздылық матрицасы» қалыптастырылды (1-қосымшаны қараңыз).

6.3. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспары

66. Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау кез келген Компанияның бөлінбес элементі болып табылады. Компания мен оның барлық мүдделі тараптардың арасында тиімді сұхбатты жүргізу мақсатында, әрбір корпоративтік деңгейде және әрбір ЕТҰ үшін әрбір ірі инвестициялық жобалар үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспары (МТӨІЖ) әзірленеді. МТӨІЖ тұрақты негізде, бірақ жылына кемінде 1 рет қайта қарастырылады және қажеттілік бойынша жаңартылады.

67. МТӨІЖ міндеттері мыналардан тұрады:

1) басымдықты анықтау, талдау, көрсету, белгілеу және жергілікті, өңірлік және ұлттық деңгейде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау үшін шектерді белгілеу;

2) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл тұрақты, ашық және айқын жасау барысын қамтамасыз ететін стратегиялық МТӨІЖ ұсыну;

3) халықтың әлсіз топтарын қоса алғанда, барлық мүдделі тараптарды тиісінше белгілеу мен қатыстыруды қамтамасыз ету;

4) мүдделі тараптардың пікірлері мен шағымдарын мониторингілеу мен оларға жауап қайтару процесстерін қоса алғанда МТӨІЖ-ді іске асыру қызметтері мен міндеттерін белгілеу;

5) МТӨІЖ-ді орындау процессін және іске асыру нәтижелерін бақылау;

6) маңызды мәселелерді анықтау және шешу, әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді азайту мен әлеуметтік табыстарды арттыру;

7) сенімділікті күшейту және іскерлік тәуекелдерді мейлінше азайту үшін сұхбат және ақпаратпен екі жақты алмасу нысанында мүдделі тараптармен сындарлы, ұзақ мерзімді қатынастарды құру үшін негіз ұсыну;

8) ақпаратпен алмасу, мүдделі тараптардың пікірлері мен ұсыныстарын жинау мен талдау, мүдделі тараптар қозғаған мәселелерді шешу және есептілікті ұсыну тетіктерін белгілеу;

9) мүдделі тараптардың болжалдарын түсінудегі Компанияға көмек көрсету;

10) мүдделі тараптарға жобаның әсер етуін бағалауға және ірі күрделі жобалар үшін тәуекелдерді төмендету жөніндегі тиісті шараларды әзірлеуге қатысу мүмкіндігін беру;

11) мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды құжаттамалау, қадағалау және мониторингілеу жөніндегі нұсқаулықты, сондай-ақ есептілікті беру және МТӨІЖ-дің орындалуын бақылау жөніндегі ережені ұсыну.

МТӨІЖ-дә әзірлеу бойынша ең төмен талап

68. МТӨІЖ мыналарды қамту тиіс (шектелмей):

МТӨІЖ құрылымы;

Жалпы ақпарат және жобаны сипаттау;

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау қағидаттары;

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға қойылатын талаптар;

Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптар;

Халықаралық қаржылық ұйымдардың талаптары;

Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және талдау;

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспары/бағдарламасы;

Шағымдарды беру мен қарастыру тетігі;

Мониторинг және есептілік.

69. Әрбір ЕТҰ-да МТӨІЖ-ге мониторингілеу тұрақты негізде, бірақ жылына кемінде 1 рет жүргізіледі және оны ЕТҰ-ның ДК/ҚК есептік кезеңнен кейін 2 айдан кешіктірмей бекітеді.

6.4. Шағымдар мен ұсыныстарды беру мен қарастыру тетігі

70. Ішкі және сыртқы стейкхолдерлермен өзара тиімді қатынастарды қолдау Компания үшін бірінші дәрежелі маңызды мәселе болып табылады.

71. Компания шағымдар мен ұсыныстарды беру мен қарастыру тетіктерін (бұдан әрі - Тетік) ендіру жолымен жеке және ұжымдық шағымдарын барынша жедел және тиімді шешуге көмектесуге ниетті.

72. Тетік қозғалатын мәселелер мен проблемаларды шешуге тиісті деңгейлі басшыларды тартуға, өтініш берушілер үшін тегін және оларды қуадаламай түсінкіті және айқын процессті пайдалануға мүмкіндік береді. Компания хабарламаны адал ниетпен жіберген тұлғаны жауапты шаралардан және қудалаудан қорғауға кепілдік береді. Кез келген болжанатын жауапты шаралар немесе қудалау туралы Қордың немесе Компанияның Комплаенс қызметіне кідірмей тиісінше қарсы әрекет етуді қамтамасыз ету үшін хабарлау қажет.

73. Аталған тетік мыналарға мүмкіндік береді:

Кикілжің жағдайларға уақытылы жауап қайтару және шешу;

сыртқы мүдделі тараптардың, жұртшылықтың және жеке азаматтардың алаңдарына қатысты алдын алу шараларын талдау және қабылдау;

Компанияның беделін күшейту және оған әлеуметтік жауапты кәсіпорын ретінде сенім сақтау.

Шағымдарды/ұсыныстарды беру тәртібі

74. Сыртқы да, ішкі де стейкхолдерлердің пікірлерін ескеру Компания үшін өте маңызды. Компания өз беделін бағалайды және қызметкерлері мен стейкхолдерлердің этика мен адалдықтың жоғары стандарттары мен заңнаманың барлық нормаларын сақтауды сұрайды.

75. Барлық мүдделі тұлғалар болып қалған немесе болжалатын ұрлаудың, алаяқтықтың, сыбайлас жемқорлықтың, бизнесті жүргізудың негізгі қағидаттарын,



Искерлік этика немесе ҚР заңнамасының нормаларын бұзудың кез келген фактілері туралы келесідеу хабарлай алады:

<http://survey.deloitte-hotline.com/s3/sk-ru> сілтеме бойынша Компанияның онлайн сайтына немесе sk.hotline@deloitte.kz электрондық поштасына хабарлама жіберу;
8 800 080 19 94 телефон нөмірі бойынша хабарласуға.

76. Көрсетілген байланыс демалыссыз тәулік бойы жұмыс істейді. Тәуелсіз компания барлық хабарламаларды қабылдайды және өңдейді. Жедел желіге түскен хабарламалар Компания ҚО-ның жауапты қызметкерлеріне табысталады, олар кәсіби және құпия қарастыруды қамтамасыз етеді. Хабарламаны барынша тиімді өңдеу мақсатында кері байланыс ақпаратын қалдыруға ұсынылады, алайда есімін көрсетпеу опциясы да бар. Егер де стейкхолдер хабарламаны берген кезде есімін көрсетпеуді қаласа, жеке ақпарат жедел желіде жиналмайды және Қор мен кейін тізбе бойынша табысталмайды. Жедел желіге түсетін телефон қоңыраулары қадағаланбайды, әңгімелер жазылмайды.

77. Алайда, барынша егжей-тегжейлі ақпаратты және растайтын құжаттарды ұсыну өтініштерді мейілінше аз мерзімде тиімді қарастыруға мүмкіндік береді. Осы фактіні назарға ала отырып, өз өтінішінде мына ақпаратты көрсетуге ұсынылады:

Не болды?

Оқиға қайда және қашан болды?

Қандай жағдайда Сізге оқиға туралы белгілі болды?

Оқиғаға кім қатысты?

Оқиға аяқталды ма немесе қазіргі уақытта жалғасуда?

Қандай растаушы құжаттарды ұсына аласыз? (мысалы, шарттар, хат алмасу, фотосуреттер және т.б.)

Өзге қосымша ақпарат.

78. Жедел желі ішкі де, сыртқы да мүдделі тараптар үшін қол жетімді.

Шағымдарды өңдеу рәсімі

79. Құпиялылықты қамтамасыз ету мақсатында сыртқы тәуелсіз компания ақпаратты қабылдайды және өңдейді. Аталған компания түскен өтініштер туралы есепті күн сайын құрастырады және оны Қордың комплаенс қызметіне жолдайды. Қордың комплаенс қызметінің қызметкерлері өтініштерді талдайды және Компанияның басшысы мен Компанияның комплаенс қызметіне (қажет болған жағдайда мердігерлік ұйымның тиісті бөлім басшысына) қарастыру мен фактілердің дұрыстығын растау үшін жолдайды.

80. Өтінішті қарастыру мерзімі көптеген факторларға, оның ішінде хабарламада көрсетілген ақпараттың толықтығы мен дәлдігіне, растайтын құжаттардың болуына, сондай-ақ бұзушылықтың түріне тәуелді. Егер ақпаратты жария хабарлаған жағдайда, шағым беруші Компанияның комплаенс қызметінен жүргізілген инспекция нәтижелері туралы жазбаша жауап алады. Құпия ақпараттандырған жағдайда, шағым беруші кіріс шағымды тіркеген тәуелсіз компаниядан жазбаша жауап алады.

81. Компанияның комплаенс қызметі төмендегілерді көрсете отырып, барлық шағымдарды шағымдар базасында тіркеледі:

- тіркеу нөмірі;
- тіркеу күні;
- шағымның/ұсыныстың мәні немесе сипаты;
- алғанын растағанын жолдаған күн;
- қарастырудың аяқталған;
- шағымды/ұсынысты қарастыру нәтижесі;
- ұсынылатын шешімдер;

Өтініш берушінің шағымын қанағаттандыру туралы хабарлама немесе шағымның қанағаттандырылмаған себебі.

82. Компанияның комплаенс қызметі Компанияның барлық объектілерінде және көпшілікке басқа да қолжетімді орындарда жергілікті халық пен қызметкерлер арасында шағымдарды беру мен қарастыру тәртібі туралы ақпараттың таралуын қамтамасыз етеді (оның ішінде корпоративтік веб-сайт және қажеттілік болған жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары).

7. Корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік саласындағы саясат

83. Компания бизнестің әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігін сезіне отырып, өз қызметінен туындайтын қоғам үшін мейілінше көп тиімділікті қамтамасыз ету мақсатында Компания қызметкерлерінің, Компанияның қызмет ету өңірлеріндегі халықтың және жлпы қоғамның өміріне жауапты қатысу бойынша ерікті міндеттемелерді қабылдайды.

84. Компанияның ел экономикасының түрлі салаларының дамуына тигізетін маңызды әсерін назарға ала отырып, 2011 жылғы 5 қазанда Компания стратегиясы мен күнделікті қызметте Жаһандық шарттың 10 қағидаттарына ықпал ету ортасы аясында қызмет ете отырып, БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылды.

85. Компания төмендегі қағидаттарды орындауды өзінің міндетіне алды:

1) Адам құқықтарын сақтау саласында: қолдау көрсету және халықаралық қоғамдастық жариялаған адам құқықтарының сақталуын құрметтеу; адам құқықтарының бұзушылықтарына қатысу жоқтығын қамтамасыз ету.

2) Еңбек қатынастары саласында: қауымдастықтардың еркіндігін қолдауға және іс жүзінде ұжымдық шарттарды жасасу құқығын тану; мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жою үшін күресу; бала еңбегін қанауды түп-тамырымен жою үшін күресу; еңбек пен жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жою үшін күресу.

3) Қоршаған ортаны қорғау саласында: қоршаған ортаға теріс әсерлерін алдын алуға ықпал ету; қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдау; экологиялық таза технологияларды дамыту мен таралуына ықпал ету.

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында: бопсалаушылық пен пара алуды қоса алғанда сыбайлас жемқорлық нысандарына қарсы тұру.

86. Компания өз бөлімшелері мен бақылайтын ұйымдарды қайта құрылымдауға әлеуметтік жағына жауапты кірісуге міндеттенеді:

заңнаманы сақтаудан бөлек қызметкерлерді жаппай босатқан кезде босатылатын қызметкерлерді ЕТҰ-ларға мүмкіндігінше көптеп жұмысқа орналастыру бойынша барлық шараларды қабыладуға тырысу;

Компанияның жұмыс орындарын қысқарту, жұмыскерлерді қайта дайындау қаржыландыру, жаңа жұмыс орындарын құру бойынша жоспарлар туралы алдын ала ақпараттандыру.

7.1. Еңбекақы төлеу және ынталандыру саясаты

87. Компания төмендегі еңбекақы төлеу және ынталандыру саясатын ұстанады:

1) Компаниядағы барлық жұмыскерлер үшін жергілікті жағдайларды есепке алып, негізгі өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру және белгілі бір табыс ұсыну қажеттігін есептей отырып, заң бойынша белгіленген ең төмен еңбекақы мөлшерінен асатын деңгейде ең төмен кепілді ақы төлеу деңгейін белгілеу;

2) тұтыну құны негізінде жалақыны индекстеу;

3) еңбек өнімділігінің өсуіне байланысты жалақыны мерзімділікпен өсіру;

4) жұмыскердің еңбектегі жеке үлесін неғұрлым толық есепке алу мақсатында сыйақы берудің икемді жүйелерін пайдалану;

5) республикалық деңгейде жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және оны ынталандыру жүйесінің объективтілігі, оның бәсекеге қабілеттілігі;

6) корпоративтік наградалармен және салалық наградалармен марапаттау.

7.2. Оқыту

88. Ағымдағы және келешектегі бизнес-үдерістерді орындау үшін жұмыскерлерді оқыту мен дамытудың мақсатты саясатын жүргізу; жұмыскерлердің жеке даму жоспарларына, Компанияның кадр резервінде тұрған жұмыскерлердің мансаптық жоспарларына сәйкес жұмыскерлерді оқыту мен дамытуды іске асыру;

89. Қазақстан Республикасының білім беруші ұйымдарымен бітірушілерді даярлау деңгейін арттыру бойынша ынтымақтастық.

7.3. Жас қызметкерлерге қатысты саясат

90. Компания жас, талантты қызметкерлерді тарту және ұстап қалу, жас қызметкерлер үшін жұмыс орындарын құру, тәлімгерлік институтын дамыту, дарынды мектеп түлектерін энергетикалық саласының мамандығы бойынша ҚР, жақын және алыс шетел жоғары оқу орындарында оқыту мақсаты туралы айтты.

7.4. Сауықтыру, спорт және демалысты ұйымдастыру



91. Компания сауықтыру, спорт және демалысты ұйымдастыру мақсатында мына шараларды іске асырады:

- 1) еңбек сіңірген жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосымша күндерді беру;
- 2) корпоративтік деңгейде жұмыскерлердің демалысын ұйымдастыру;
- 3) жұмыскерлердің бюджетте спорттық-сауықтыру іс-шараларына бағытталған шығыстарын өтеуді қарастыру;
- 4) жұмыскерлер мен олардың отбасылары мүшелерінің арасында жаттығулар мен жарыстар ұйымдастыра, спорттық инфрақұрылымға қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын өткізу және спорттың бұқаралық түрлерін дамыту;
- 5) жұмыскерлер арасында корпоративтік ақпарат құралдарын қолдана отырып, саламатты өмір салтын жүйелі насихаттау;
- 6) мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге жыл сайын қаржы қаражатын бөлу, жаңа жылдық сыйлықтар алу, Энергетик күніне бағалы сыйлықтар алу;
- 7) жазғы демалыс кезеңінде Қазақстан Республикасының шипажайлары мен профилакторийлерінде мектеп жасындағы мектеп жасындағы балаларды демалту үшін іс-шаралар ұйымдастыру у;
- 8) Компания жұмыскерлерінің мүгедек балалары мен жетім балаларына шипажайлар мен балалардың сауықтыру орталықтарына жолдамы құнын ішінара өтеу.

7.5. Корпоративтік және әлеуметтік қамтамасыз ету, сақтандыру

92. Компания корпоративтік және әлеуметтік қамтамасыз ету, сақтандыру мақсатында төмендегі шараларды іске асырады:

- 7) бала туған және/немесе асырап алған кезде біржолғы жәрдемақы төлеу;
- 8) мерейтой даталарына материалдық көмек көрсету (50, 60, 70 жас);
- 9) некені тіркеген кезде жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету;
- 10) жақын туысы қайтыс болған кезде материалдық көмек көрсету;
- 11) кәмелетке толмаған балалары бар қайтыс болған жұмыскерлердің отбасыларына материалдық көмек көрсету (жылына 1 рет бала 18 жасқа толғанша);
- 12) мүгедек бала тәрбиелеп отырған жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету (жылына 1 рет бала 18 жасқа толғанша);
- 13) ерікті медициналық сақтандыру аясында жұмыскерлерге медициналық көмек көрсету.

7.6. Жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету

93. Компания жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында төмендегі шараларды іске асырады:

- 1) зейнетке шығатын жұмыскерге біржолғы жәрдемақы төлеу;



2) Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, Энергетик күніне материалдық көмек көрсету;

3) Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлерін моральдық-психологиялық қолдау көрсету үшін Компанияда өтетін мерекелік және салтанатты іс-шараларға шақыру;

4) мүгедектерге (Компанияда жұмыс істеген кезінде мүгедектік алған және жұмыс істеуге жарамсыз болып қалған мүгедектерге), мүмкіндікке қарай, емделуге, қосымша тамаққа, дәрі-дәрмек сатып алуға, егер мүгедек адам мұндай көмекке мұқтаж болса және оларды тегін алмайтын болса, басқа мамандыққа дайындауға материалдық көмек көрсету.

7.7. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау

94. Компания өз жұмыскерлері үшін қауіпсіз және дұрыс жұмыс жағдайларын құруға, сондай-ақ денсаулық сақтау мен еңбек қорғау мәселелері бойынша өз жұмыскерлерін ақпараттандыруға, оқытуға, қадағалауға және кеңес беруге тікелей жауапты. Компания қызметкерлердің, мердігерлік ұйымдардың және халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсерін алды алу немесе жеңілдету маңыздылығын сезінеді, осыған орай, еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке (ЕҚЖҚ) жауапты ҚБ төмендегі жұмысты жүргізеді (шектелмей):

1) бөлек мамандықтар мен жұмыстар үшін қауіптіліктер мен тәуекелдерді талдау;

2) жер сілкіністері, көшкіндер немесе су тасқындары сияқты қауіпті табиғат құбылыстарымен туындайтын әлеуетті әсерлері мен тәуекелдерді бағалау;

3) жеке қорғану құралдарын беру, жеке қорғану құралдарын пайдалану және жеке қорғану құралдарын пайдалануын қамтамасыз ету талаптарын түсіндіру;

4) барлық персонал үшін қауіпсіздік саласында қауіптерді және олардың жұмыс тәуекелдерін ескеретін дайындық;

5) уақиғаларды тергеу бойынша бағдарламаны әзірлеу, оқтғаларды есепке алуды жүргізу, оның ішінде: жұмыс сағатының жалпы саны, маңызды жарақаттар, жоғалтқан уақыт және жарақаттарға әкеп соғуы мүмкін уақиғалар және т.б.;

6) қызметкерлер үшін медициналық куәландыру бағдарламасын әзірлеу;

7) тұйық кеңістікте жұмыс істей сияқты қауіпті тапсырмалар үшін өз қызметкерлерін де, мердігерлерді де қамтитын жұмысты отрындау үшін рұқсаттарды беру жүйесін ендіру;

8) «бұғаттау және ескерту тақталарын орнату» рәсімдерін әзірлеу және іске асыру;

9) жұмыс орнында қауіптілікті мониторингілеу;

10) бұл қажет болған жағдайда, қауіпсіздік белгілерін орналастыру (өрт қауіпсіздігі, ТЖ жауап қайтару және т.б.);

11) ТЖ, ірі өндірістік авариялар кезінде Әрекет ету жоспарларын әзірлеу.



95. Авария, жарақат және ауыру туындаған жағдайда, ЕҚЖҚ үшін жауапты ҚБ міндетті тәртіпте нәтижелерді зерттейті, құжаттамалайды, талдайды және қайталануын болдарымау жөніндегі шараларды қабылдайды, және егер бұл заңнамамен талап етілсе, тиісті билік органдарына хабарлайды және олармен бірге қызмет жасайды.

96. ЕҚЖҚ үшін жауапты ҚБ қажеттілігіне қарай өрт сөндіру жүйесіне / жабдығына, оның ішінде КО мен барлық ЕТҰ-ларда өрт сөндіргіштерге тұрақты мониторингілеуді жүргізеді, персоналдың тиісті дайындығын қамтамасыз етеді.

97. Компания ЕТҰ-ның жұмыс істеу орындарында жобалық тәуекелдерді және халық топтарының денсаулығы мен қауіпсіздігіне қолайсыз әсерлерді анықтайды және бағалайды, сондай-ақ қорғаныш, алдын алу шараларын және әсерлері мен тәуекелдеріне шамалас тәуекелдерді жеңілдеті жөніндегі шараларды әзірлейді. Компания қажеттілігіне қарай әсерлерді жеңілдету жөніндегі шаралар мен жоспарларға қатысты тиісті билік органдарымен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастық жүзеге асырады.

7.8. Адам қауіпсіздігі мен құқықтары бойынша ерікті қағидаттарға сәйкес келетін объектілердің қауіпсіздігі

98. Компания өз өндірістік объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен бақсарудың маңыздылығын сезінеді, осыған орай Компанияның қауіпсіздік қызметі төмендегі бірқарат шараларды жүзеге асырады:

1) саяси, экономикалық, азаматтық немесе әлеуметтік факторлармен байланысты қауіпсіздік тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау;


2) жергілікті қоғамдастықтармен қауіпсіздік шараларының оларға әсер етуі туралы консультациялар өткізу;

3) адам қауіпсіздігі мен құқықтарының ерікті қағидаттарына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі дербес жеткізушілер өз міндеттерін орындауы мақсатында, оларға бақылау жасау. Ол қажет болған орындарда, Компания қауіпсіздік қызметтерін жеткізушілерді жергілікті халық арасынан тартады.

4) өузу және өрт жағдайларында бейнебақылау, сигнализация жүйелерімен, жарықтандырумен, IT қауіпсіздігімен жабдықтандыру;

5) адам құқықтарын қорғауды және Компанияның персоналы мен объектілеріне қауіп төндіретін әрекеттерді алдын алуды қоса алғанда құқықтың ұлықтылығын қолдауды қамтамасыз ету;

б) Компанияның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша төмендегі критерийлерді сақтау: (а) бұрында адам құқығын бұзуда қатысқан тұлғалар Компания үшін қауіпсіздік қызметтерін ұсыну үшін тартылмайды; (б) Қауіпсіздік қызметі физикалық күшті ол қатаң қажет және қауіпке пропорционалды болғанда ғана қолданады. Физикалық күш қолданылаған жағдайда бұндай оқиғалар тиісті органдарға және Компанияның КО қауіпсіздік қызметінің басшысына хабарланады. Физикалық күш қолданылаған жағдайда медициналық көмек жәбірленгендерге, оның

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 29 парағы

ішінде құқық бұзушыларға қолданылады.

7.9. Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасы

99. Компанияға Компанияның Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын әзірлеуге, мерзімдік жаңарту және корпоративтік сайының «орнықты даму» бөлімінде орналастыру қажет, ол қауымдарды, мақсаттарды, әдістемелерді, бақылау мерзімдерін дамыту жөніндегі жобалар туралы ақпаратты қамту тиіс. Әлеуметтік инвестициялар бағдарламасын әзірлеу төмендегі рәсімдерді қамтиды:

әлеуметтік ортаға болжалатын әсеріне бағалау жүргізу;

басшылықтың жоспарлары экология мен биоалуантүрлілікке әсер етудің әлеуметтік аспектілерін көрсетуі үшін экологтардың сараптамалық командасымен (қалған барлық бағалау командалармен) өзара іс-қимыл қамтамасыз ету;

шешімдерді қабылдау және әлеуметтік өзгерістерді құжаттамалар үшін тиісті негізгі әлеуметтік көрсеткіштерді қалыптастыру (яғни, әсер етуге дейінгі жағдайда тіркеу үшін негізгі әлеуметтік факторлар бойынша деректерді жинау);

өзгерістерді белгілеу және оларды жобаға ендіру, әлеуметтік салдарларды төмендету бойынша шараларды орындау;

мүдделі тараптарды белгілеу, олардың мүдделерін, өзара қарым-қатынастарды және әлеуметті екі жақты өзара іс-қимылды көрсету;

ұсынылатын жоба қандай әлеуметтік әсерді ететіні бойынша ұшыраған қоғамдастықтарға көмек көрсету;

жергілікті жеткізушілерден жергілікті қамту және тауарлар мен қызметтерді сатып алу көлемдерін арттыру;

әлеуметтік мәселелерді мониторингілеу;

СК-Трасттың қолдауымен әлеуметтік инвестициялық бағдарламаларды әзірлеу мен іске асыру;

әлеуметтік зардаптарды бақылаумен байланысты мәселелерді және/немесе міндеттемелерді белгілеу.

7.10. Жеткізушілер үшін басқарушылық қағидаттар

100. Этикалық мінез-құлығының жоғары стандарттарын ұстанатын, қызметінің кез келген салалары адам құқықтарының бұзылуына тура немесе жанама ықпал етпеуге қамтамасыз етуіне жауапты Компания бола отырып, Жеткізушілермен қатынастарды күшейту мақсатында, Компания Жеткізушілер үшін басқарушылық қағидаттарын (бұдан әрі - ЖБҚ) әзірледі.

101. ЖБҚ әлеуметтік жауапкершілік ұзақ мерзімді коммерциялық табысты қамтамасыз етудегі принциптік мағынасына ие және біздің нарықтағы, жұмыс орнындағы және қоғамдағы қатынастарда және әрекеттерде көрсетілуі тиіс деген сенімде негізделеді.

Компания Жеткізушілер өз кезегінде аталған ЖБҚ-да баяндалған талаптардың түсінуі мен орындалуын қамтамасыз етеді деп күтеді:

1) Компания жұмыс орнында адам құқықтарын құрметтеу идеясының ұсатанымына сәйкес келетін әділ шарттарда Жеткізушілерді жұмысқа қабылдауды қолдайды.

2) Компания және Жеткізушілер мүдделер қақтығысын туындауына әскеп соғатын жағдайлардың туындауын болдырмауы тиіс.

3) Компания жұмыс уақытына, сыйлықақыға және үшінші тұлғалардың уәкілеттігіне қататын құқықтарын да қоса алғанда, еңбек құқықтарының барлық нормаларын ұстанады.

4) Жеткізуші оған қатысты барлық заңдарға, қағидаттарға және жеткізілімдерді жүзеге асырғанда және Компанияға қызметтерді көрсеткен кезде оның өнімін өндіру мен іске асырумен байланысты өзге нормалар мен талаптарға бағынуы тиіс.

5) Компания Жеткізушілер өз жұмыскерлерін нәсілдік, тері түсінің, діни көзқарастар, саяси нанымдар, ұлт немесе жыныстық көзқарас белгілері бойынша кемсітушілікті болдырмау қағидатын іске асыра отырып, физикалық және/немесе жеке басының қадір-қасиеттері немесе пікірлері негізінде емес, оларға тапсырылған жұмысты орындау қабілеттерінен шыға отырып бағалайды деп болжайды.

6) Компания Жеткізушілер өз жұмыскерлерін қауіпсіз жұмыс орнымен қамтамасыз етеді, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың туындау тәуекелдерін, зиян келтіру мен денсаулыққа қауіп төндіруді барынша азайтуға ықпал ететін рәсімдерді ендіреді деп болжайды.

7) Компания бизнесті жүргізу кезінде Жеткізушілер бала еңбегін пайдаланбайды, сондай-ақ құқықты физикалық немесе өзге заңсыз теріс пайдаланумен немесе жұмыскерлерді жәбірлеумен, не болмаса Жеткізуші қызметіне кез келген түрінде мәжбүрлеп еңбектің түрлі нысандарын пайдалануымен келіспейді деп болжайды.

8) Компания Жеткізушілер өз жұмыскерлерге қолданыстағы заңнамаға сәйкес әділ және бәсекеге қабілетті сыйлықақы төлейді, сондай-ақ оларға дағдылары мен мүмкіндіктерін дамыту мүмкіндіктерін ұсынады деп болжайды.

9) Компания Жеткізушілер өзі жұмыскерлерінің өз мүдделерін ұсыну және бұнадай Жеткізушіге қатысты қолданыстағы заңнамаға сәйкес ұжымдық келіссөздерді жүргізу үшін үшінші тұлғаны белгілеу құқықтарын құрметтейді деп болжайды.

10) Компания Жеткізушілер қоршаған ортаның сақталуы мен қорғалуын, кем дегенде қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының талаптарын және ҚР-да қабылданған өзге нормаларын орындайды деп болжайды.

11) Компанияның қызметкерлеріне Жеткізушілерден ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына сәйкес белгіленген жағдайларда қисынды және лайықты болып табылатын көңіл білдіру белгілернің іскерлік тәжірибесінде қолданылатындардан басқа қандай да бір сыйлықтарды қабылдауға тыйым салынады.

12) Жеткізуші және Компания жеткізушінің іскерлік қатынастарына қатысты барлық мәселелер бойынша шынайы есептілікті жүргізуі тиіс.

102. Компанияның Жеткізушілермен өзара іс-қимылды жасауға жауапты құрылымдық бөлімшесі төмендегі ақпаратты қамтитын Жеткізушілерді базасын жүргізеді және уақытылы жаңартады:

- 1) Жеткізушінің атауы және мекенжайы;
- 2) ұсынатын қызметтердің түрі;
- 3) байланыс тұлғалардың мекенжайлары мен деректері;
- 4) жұмыс қабылдайтын қызметкердің аты және лауазымы;
- 5) ұсынылатын ақпаратқа тексеріс жүргізілді ме;
- 6) аудиттер кестесі;
- 7) мердігердің нұсқаулығы;
- 8) жүргізілетін жұмыстардың/ұсынылатын қызметтердің орны;
- 9) мердігерге басқаруды жүзеге асыру үшін қажетті басқа да кез келген ақпарат.

7.11. Жерлерді сатып алу, мәжбүрлі қоныс аудару және экономикалық орын ауыстыру

103. Компания адам құқықтарын, атап айтқанда тиісті тұрғын үйге және өмір жағдайларын үнемі жақсартуға құқығын құрметтеу және сақтау қағидаттарына толығымен негізделеді. Осыған орай, Компания мәжбүрлі қоныс аударуды болдырмауға, немесе егер бұл қажет болса, Компания жобаларының баламалы нұсқаларын қарастыру арқылы жоққа тән етуге тырысады. Кері жағдайда, Компания халықтың қоныс аударатын барлық тұлғалар мен топтарға мүлікті жоғалтуына байланысты өтемақы төлеуді және Компанияның экономикалық мүмкіндігі жағдайында басқа көмек көрсетуге ұсынады.

7.12. Жобалық басқару

104. Орнықты даму қағидаттарын жобалық басқару тәжірибесін ендіру Компанияның бағалық-бағдарлық стратегиясын іске асыру үшін құрал болып табылады. Компания операцияның экономикалық болмысын кетірмей идеядан бастап пайдалануға дейін жобаны барлық кезеңдері бойында орнықты дамудың барлық аспектілерін ескертуге тырысады.

105. Компания өзі жүзеге асыратын инвестициялардың мыналарға ықпал етуіне тырысады: жұмыс істеу өңірлерінде өндірістік-экономикалық базасын дамытуға, табиғи ортаның сақталуына, еңбек ету құқығын іске асыруға.

Инвестиция алдындағы кезең

106. Компания сақтандырушылық қағидатының негізгі ережелерін ұстанады. Жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу алдында Компания төмендегі рәсімдерді жүргізеді:



1) Мына аспектілер бойынша әлеуметтік және экологиялық салаға әсер етуді бағалау (ЖО, Компани КО-ның тәуекелдерді басқаруға джауапты ҚБ):

- а) жергілікті халықтың денсаулығы және қауіпсіздігі;
- б) әлсіз топтардың амандығы;
- в) гендерлік теңдік;
- г) мәжбүрлік қоныс аудару;
- д) байырғы халыққа әсер ету;
- е) әлеуметтік маңызды мекемелерге қол жетімділік (ауруханалар, мектептер, нарықтар және т.б.);
- ж) өңірдің экономикалық қызметі;
- з) мәдени мұра;
- и) ресурс тиімділігі, қоршаған ортаның ластануын алдын алу және бақылау;
- к) климаттың өзгеру тәуекелі (ірі жобалар үшін);
- л) биологиялық әртүрлілік (әрбір электр станциясы үшін деректерді жинау үшін кемінде 1 жыл).

2) Әрбір жоба үшін әсер етуді азайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу (ЖО, Компани КО-ның тәуекелдерді басқаруға джауапты ҚБ).

3) «Кездейсоқ олжа» рәсімін әзірлеу және ендіру, ол археологиялық заттарды анықтаған жағдайда қажетті шараларды қабылдау үшін барлық құрылыс жұмыстарын жүргізген кезде пайдаланылады (ЖО).

4) Жауапты органдармен және жергілікті қоғамдастықтармен бірлесіп ТЖ-ға (өрт, су тасқыны, қауіпті заттардың төгілуі, ауыр жарақаттар немесе жобаны іске асырудың барлық кезеңі ішінде болуы мүмкін басқа оқиғалар) жауап қайтару жоспарын әзірлеу және орындау. Тұрақты негізде тренингтерді және оқытуды өткізу (Компания КО-ның ЕҚЖҚ-ға жауапты ҚБ).

5) Мүдделі тараптарды, олармен өзара іс-қимыл жасау әдімтері мен жауап қайтару тетігін сипаттай отырып, МТӨІЖ-ді әзірлеу (МТӨІЖ бөлімін қарау).

6) Жобаның сипаттын, ҚОӘБ процессін, экологиялық және әлеуметтік салаларда табыстарды/әсерді, әсерді жеңілдетуге бағытталған басқару шараларын және байланысу үшін байланыс ақпаратын қоса алғанда құрылыстағы әрбір жаңа жоба үшін қоғамдастықтар үшін Техникалық емес түйіндемені (Компанияның сайтында) және/немесе парақтарды әзірлеу (ЖО).

Инвестициялық кезең

107. Компания мыналарды жүргізеді:

1) Компанияның Инвестициялық саясатына және Компанияның тиімділікті бағалау, инвестициялық бағдарламаларды әзірдеу, қалыптастыру және іске асырылуын мониторингілеу регламентіне сәйкес кесте мен көлемдерге сәйкес құралдардың игерілуін мониторингілеу;

2) ҚР экологиялық заңнамасының және жобаның басқа да ішкі экологиялық нормативтердің сақталуын мониторингілеу (Компания КО-ның қоршаған ортаны қорғау үшін жауапты ҚБ).

3) Жеткізушілердің ЖБҚ-ны сақтауды мониторингілеу (Компания КО-ның Жеткізушілермен жұмыс істеу үшін жауапты ҚБ);

4) МТӨІЖ жобасының іске асырылуын мониторингілеу (Компания КО-ның орнықты дамуға жауапты БҚ).

Инвестиция алдындағы кезең

108. Егер инвестицияны іске асырған жағдайда заңды тұлға пайда болса, Компания аталған ұйымға орнықты даму жүйесін ендіру бойынша міндеттемелерді жолдайды.

109. Егер жоба жұмыс істейтін ЕТҰ аясында жүзеге асырылатын болса, бұндай ұйымның орнықты дамуға жауапты ҚБ ЕТҰ-ның Бастамаларды іске асыру жөніндегі жоспар, МТӨІЖ және өзге ІНҚ аясында көзделген шараларды өткізеді.

7.13. Экологиялық жауапкершілік

110. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды тиімді пайдалану Компанияның қызметінде маңызды рөлге ие. Компанияның экологиялық аспектісін басқару үшін экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды, ол корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. ЭМЖ Компанияда халықаралық консультанттарды тарта отырып, әлемдік озық тәжірибелеріне сәйкес келуіне үнемі бағалауға ұшырайды және кезең-кезеңімен жетілдіріледі. Компанияның өндірістік қызметті жүзеге асырайтын барлық ЕТҰ-ларда «Экологиялық менеджмент» ISO 14001 стандарты ендірілді.

111. Компания Компанияның Стратегиясына және Экологиялық саясатына сәйкес табиғатты қорғау саласында дамудың келесідей басымдық бағыттарын белгіледі:

1) кез келген шаруашылық қызметінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау;

2) жаңа технологияларды ендіру және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жолымен өндірістік қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсерін кезең-кезеңімен қысқарту;

3) экологиялық менеджменттің халықаралық нормаларын ендіру;


4) экологиялық ақпараттың ашықтығы мен қол жетімділігі, барлық мүдделі тараптарға орын алған авариялар, олардың салдарлары мен оларды жою бойынша жөніндегі шаралар туралы кідірмей хабарлау;

5) персоналды экологиялық саналылығы мен хабардарлығы бағдарламаларына оқыту;

6) жоғары экологиялық тәуекелдерді сақтандыру;

7) қалдықтар мен химиялық заттарды басқару бағдарламасын әзірлеу;

8) экологиялық таза және энергетикалық тиімді технологияларды пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастық, сондай-ақ энергетика объектілерінің

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 34 парағы

экологияға және климаттың өзгеруіне тигізетін әсері бойынша зерттеуге көмек көрсету.

Шығарындылар

112. Парниктік газдар.

Компания өзінің қызметін жүзеге асыратын өңірлерде климаттың өзгері себептерімен де, салдарларымен де күрес жүргізудің маңыздылығын таниды.

Компанияда экологиялық әсерді азайтуға айрықша көңіл бөлінеді. Компания «таза көмірді», жаңартылатын энергия көздерін және т.б. технологияларды пайдалана отырып, парниктік газдардың шығарындыларын жоққа тән етуге ұмтылады.

113. Ластаушы заттектер.

Компанияның негізгі ластаушы заттектері – азот тотығы, күкірт тотығы, көміртек тотығы, ұшпа күл. Өндірілген өнімнің бір бірлігіне ластаушы заттардың меншікті шығарындыларын азайту мақсатында Компания мыналар секілді (бірақ бұлармен шектелмей) табиғатты қорғауға арналған іс-шаралардың кешенді бағдарламасын іске асыруда:

- 1) күл тұту коэффициенті жоғары озық электр сүзгілерін, жаңа буын эмульгаторларын орнату;
- 2) эмиссия көп жұмсалмайтын турбулентті жанарғыларды орнату;
- 3) уақытылы жөндеу жүргізу және жабдықтарды жаңғырту;
- 4) күлі көп жағажайлардың шаңын басу;
- 5) сыртқы жыныстар үйінділердегі аршу жұмыстарын жинау көлемін азайту;
- 6) суландырылған ұңғылардағы жарылыс жасау жұмыстары;
- 7) кеңжарларда көмір ұңғыларын қазған кезде пайда болатын шаңды басу, кесікке баратын автожолдарда шаңды басу үшін шазта суларын пайдалану;
- 8) қызмет жүргізетін аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру.

Су

114. Компания суды мейлінше аз пайдалануға немесе қайта пайдалануға ұмтылады.

Қалдықтар

115. Компания қауіпті және қауіпсіз қалдықтардың түзілуінің алдын алуға немесе оны мейлінше азайтуға, олардың зияндылық деңгейін азайтуға, экологиялық қауіпсіз тәсілмен кәдеге жаратуға ұмтылады.

Биологиялық әртүрлілікті сақтау және табиғи ресурстарды орнықты басқару

116. Компания биологиялық әртүрлілікті сақтау және табиғи ресурстарды орнықты басқару мақсатында мыналарды жүзеге асырады:

1) Құрылыс басталғанға дейін Компания ҚОӘБ-ты әзірлеген кезде қорғалатын жануарлардың/құстардың/балықтардың түрлері бар екені анықталған жерлерде қоршаған ортаға тигізетін әсерді/оны қорғауды жұмсарту бойынша жоспарларды әзірлейді.

2) Компания барлық жаңа жел электр станциялары аумақтарындағы құстар мен жарқанаттардың (жергілікті және миграциялық) мекендейтін жерлеріне экологиялық зерттеулер жүргізеді, сондай-ақ жобалық шешімдер аясында әлсіз түрлерін қорғауға бағытталған іс-шаралардың әзірленуін қамтамасыз етеді.

3) Су- және жел электр станцияларын салу аяқталған соң, құрылыстан кейінгі әсерді бағалау үшін мониторинг жүйесіне қолдау көрсетеді және қажеттілікке байланысты мұндай әсерді шектеу шараларын әзірлейді.


4) Компания ағын суларды тазалаудың биологиялық тиімділігін тексеру (ағын сулардың судың сапасына тигізетін әсері (температура, еріген оттегі және т.б.), балықтардың қауымдалысын сақтауға, балықтардың уылдырық шашуын, көбеюін, оларды өсіру мен өтуіне қолдау көрсету үшін СЭС-тің әрбір ағымдағы орналасқан және болашақтағы орналасатын орындарына жүргізілген/жүргізілетін экологиялық мониторингті бағалайды.

5) Биоәртүрліліктің жоғалмайтынына, сондай-ақ судың ең соңғы тұтынушыларға жағымсыз әсерінің болмайтынына кепілдік беру үшін СЭС салу жөніндегі жаңа жобалардың барлығында және барлық жұмыс істеп тұрған СЭС-тердің қуаттарын мейлінше кеңейту үшін суды барынша аз жұмсауды қолдайды.

8. Нормативтік сілтемелер

117. Осы Нұсқаулық мынадай құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

- 1) Қоғамның Жарғысы;
- 2) «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларына арналған орнықты даму бойынша референстік модель;
- 3) Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясы;
- 4) Компанияның Корпоративтік басқару кодексі;
- 5) Компанияның Іскерлік этика кодексі;
- 6) «Самұрық-Қазына» АҚ Ерікті хабардар ету саясаты;
- 7) Компанияның экологиялық саясаты;
- 8) Компанияның ішкі нормативтік құжаттамасын басқару қағидасы;
- 9) Компаниядағы қызметтік және құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету бойынша нұсқаулық;
- 10) Компанияның Инвестициялық саясаты;
- 11) Компанияның инвестициялық бағдарламаларының тиімділігін бағалау, дайындау, әзірлеу және іске асырылуына мониторинг жүргізу регламенті;

	«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық		
	СЭ-Н-01/02	2-редакция	38 беттің 36 парағы

12) Тау-кен ісі мен металдар жөніндегі халықаралық кеңестің жергілікті қоғамдастықтарын дамыту бойынша нұсқаулық (ICMM) (<http://www.icmm.com/publications/pdfs/4080.pdf>);

13) AA1000: SES, AS, APS халықаралық стандарттары;

14) Орнықты даму саласындағы есептілік бойынша нұсқаулық (GRI Standards).

9. Құжаттар мен жазбалардың нысандары

118. Кестеде келтірілген нысандар осы Нұсқаулықтың ажыратылмас бөлігі болып табылады:

Кесте

№ р/с	Құжат/жазба нысандарын ың атаулары	Құжаттың/жазбаның сәйкестендіру нөмірі	Орындаушы туралы мәлімет	Құжатты/жазбаны сақталатын орны	Құжатты/жазбаны сақтау мерзімі
1	Сауалнама	ЖН 01 СЭ-Н-01/01	ҚБ қызметкерлері	КТжОДД	Тұрақты



«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық

СЭ-Н-01/02

2-редакция

38 беттің 37
парағы

Қосымша
ЖН 01 СЭ-Р-01/01

Сауалнама

Тегі, аты-жөні (толтыру міндетті емес): _____

Компания (толтыру міндетті емес. Егер сіз компанияның, қауымдастықтың қызметкері болсаңыз, «жеке тұлға» деп жазуыңызға болады) _____

Лауазымы: _____

**Мына аспектілерді 5 балдық шәкілмен бағалаңыз
(1 – маңызды емес, 5- өте маңызды)**

Маңызды тақырыптар	Маңыздылық деңгейі				
	1	2	3	4	5
Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі					
Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі және олардың денсаулықтарын қорғау					
Лайықты жалақы және өтемақы					
Персоналдың кәсіби және жеке тұлға ретінде өсуі					
Әр алуандық және тең мүмкіндіктер					
Шағым беру тетіктері					
Мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық түрлерін жою					
Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою					
Халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қолдау және қорғау					
Қорқытып алу мен паракорлықты қоса алғанда сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы әрекет жасау					
Ашық жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау, бағалау әдістері және салдарларды жұмсарту					
Төтенше жағдайларға дайын болу, жергілікті қоғамдастықтарды қатыстыру тетіктері					
Активтердің тұтастығы және өндірістік үдерістердің қауіпсіздігі					
Қызметін жүзеге асыратын өңірлер тұрғындарының қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау					
Ұйымдарға/мемлекеттік органдарға қолдау көрсету (заң шығармашылығы, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы және т.б.)					
Жергілікті халық арасынан шыққан қызметкерлердің үлесінің артуы					
Жергілікті қауымдастықтарды қоса алғанда, біздің қатысатын өңірлеріміздегі инфрақұрылымға инвестициялардың ықпалы					
Қызметті жүзеге асыратын маңызды өңірлерде жергілікті өнім берушілерге шаққандағы шығындардың үлесі/жауапты сатып алулар					
Энергия тиімділігі					
Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту					



«Самұрық-Энерго» АҚ орнықты даму саласындағы нұсқаулық

СЭ-Н-01/02

2-редакция

38 беттің 38
парағы

Компанияның құнын арттыру					
Қатысатын өңірлерде компанияның беделін және оған қатысты жағымды қарым-қатынасты арттыру					
Парниктік газдар мен басқа ластаушылардың (NOX, SOX және басқа маңызды ластаушы заттектер) шығарындыларын азайту					
Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен салынған инвестициялар, түрлері бойынша бөлгенде					
Жаңартылатын энергия көздеріне салынған инвестициялар					
Материалдарды, энергияны, суды тиімді пайдалану, биоәртүрлілікті сақтау					
Экологиялық міндеттемелерге сәйкестік					
Қалдықтарды басқару					